

"Халықтың мақсатты топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізімін орнату туралы" Аққайың ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 62 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 мамырдағы N 110 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 мамырда N 13-2-100 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы N 308 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2011.12.29 N 308 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31-бабы 1-тармағының 13 тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 5-бабының 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 28-бабына сәйкес, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шараларды кеңейту мақсатында, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Халықтың мақсатты топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізімін орнату туралы» Аққайың аудан әкімдігінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 62 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркейтін Тізілімнің өңірлік бөлімінде № 13-2-98 тіркелген және 2009 жылғы 21 мамырда № 14 «Аққайың» және № 20 «Колос» газеттерінде жарияланған) келесі толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулының 1 тармағы келесі мазмұндағы абзацпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

24 ж а с ы н а д е й і н ж а с т а р ;

1 жылдан астам жұмыс істемеген тұлғалар.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған кезден бастап 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Елубаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК